



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президиум төрағасы Тимур Құлыбаев және басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов кездесу барысында Елбасыға Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылған кезден бергі қызметінің нәтижелерін баяндады, сондай-ақ отандық бизнестің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы әңгімеледі деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне зор көңіл бөлетінін және бұл бағытта жан-жақты көмек пен қолдау көрсетіп отырғанын айтты.

– Биыл бизнесті тексеруге жарияланған мораторий аяқталады. Ал келесі жылдың 1 қаңтарынан Еуразиялық экономикалық одақ жұмысын бастайды, соған орай біздің бизнесмендерге жаңа жағдайдағы бәсекелестікке дайындалған жөн. Сонымен қатар, Қазақстанда бизнестің дамуына «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты кеңінен жол ашады. Әрбір кәсіпкер өз өрісін тауып, нарыққа «орналасуы» тиіс, ал Ұлттық палата мен мемлекет өз тарапынан соған қажетті барлық жағдайларды жасауы керек. Осы шаралар жана кәсіпкерлік құрылымдар мен бизнесте жана тұлғалардың пайда болуына септігін тигізеді деп үміттенемін, – деді Қазақстан Президенті.

Т.Құлыбаев Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметін дамыту мен нығайтуда көрсеткен қолдауы үшін Елбасыға ризашылығын білдірді. – Ұлттық палатаның барлық басқару органдары, атап айтқанда, президиумы және басқармасы, сондай-ақ облыстағы өңірлік дирекциялары құрылып, жұмыс істеуде. Президиумның комитеттерінде жұмыс салалық және өңірлік қағидаттар бойынша жолға қойылған. Бас прокуратурамен тығыз байланыс орнатылған. А.Дауылбаев облыстық прокуратуралардың басшыларымен токсан сайын селекторлық кеңес өткізеді, онда кәсіпкерлердің арыздары қаралып, қажетті шаралар қабылданады, – деді президиум төрағасы.

Сондай-ақ Ұлттық палатаның қызметі бірқатар бағыттарды қамтитыны, соның негізгілері бизнес-ортаны жетілдіру, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін талдау, адами капиталды дамыту, бизнестің қаржы ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету екені де айтылды.

Бүгінгі таңда бізге осы мәселе бойынша 3,5 мыңнан астам арыз келіп тұр, соның әрқайсысы да тіркеліп, тиісінше жұмыс жүргізілуде. 1 қаңтардан бастап жоспарлы тексерудің орнына тәуекелді бағалау жүйесі қолданылады. Біз барлық кәсіпкерлерді қалған бір жарым айда әзірленіп, құжаттамаларын тәртіпке келтіруге және бекітілген нормалар мен талаптарды жоспарлы тексеріс жоқ кезде сақтауға шақырамыз, – деді Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының төрағасы.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша қаралған мәселелерге қатысты бірқатар нақты тапсырмалар берді.

БАҚ беттерінен

БОРОДУЛИХА АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Шығыс Қазақстан облысының ақпараттық орталығы мен «Қазақстан-Өскемен» облыстық телеарнасының бірлескен жобасы бойынша қалалар мен аудандардың әкімдері, басқарма басшылары әр аптаның дүйсенбі және сейсенбі күндерінде тікелей эфирде брифинг өткізеді. Тікелей эфирде брифинг арқылы өңірдегі БАҚ өкілдері мен тұрғындар көкейкесті сауалдарын қоюға мүмкіндік алып отыр. Қараша айының 18 жұлдызында Бородулиха ауданының әкімі Григорий Акулов эфир қонағы болып, Бородулиха ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталып аудан тұрғындары мен журналистердің сауалына жауап берді. Осы жайындағы ақпаратты газетіміздің келесі нөмірінде толықтай оқисыздар.

“Аудан тынысы” ақпарат

ШҚО ӘКІМІ ДАНИАЛ АХМЕТОВ ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫНА ОРАЙ ЖИЫН ӨТКІЗДІ

ШҚО әкімі Даниал Ахметов өзінің орынбасарларымен және аппарат қызметкерлерінің жиын өткізді. Жиында негізінен ҚР Президентінің «НҰРЛЫ ЖОЛ- БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» атты Қазақстанның халқына арналған жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

–Өздеріңізге мәлім, Елбасы Жолдауында қаржылық мәселелерге байланысты нақтырақ тапсырмалар берілді. Сондай-ақ, көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды, индустриялық инфрақұрылымдарды, энергетикалық инфрақұрылымдарды, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту, тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту, шағын және орта бизнеспен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру міндеті алға қойылды, – деген облыс әкімі Даниал Ахметов стратегиялық құжатта көрініс тапқан ауқымды міндеттерді бұлжытпай орындау үшін өңірдің қажеттілігі мен мүмкіндігіне қарай нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.



Сондай-ақ, ШҚО әкімі нақты шараларды құралған іс-қимыл жоспары барлық саланы қамту керектігін атап көрсетті. Өйткені, әлемдік экономикалық дағдарыстың ықпалы жағдайында экономикалық саясатты алдын -ала қайта бағдарлау міндетін ескеретін мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Аймақ басшысы Шығыс Қазақстан облысы үшін көлік инфрақұрылымын, тұрғын үй коммуналдық саласын, қолжетімді жалдамалы тұрғын үй құрылысын дамыту, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету жайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, ауыл шаруашылығын әртараптандыру мәселелерінің өзекті екенін баса айтты. – алдағы уақытта шаруалар ауқымды. Бұл бағдарламалық жұмыстарды жүзеге асыру үшін әркімнен үлкен жауапкершілік талап етіледі, – деді ШҚО әкімі Даниал Ахметов

ШҚО ақпарат орталығы

БІЗДІҢ ОҚУШЫЛАР – АУДАН МАҚТАНЫШЫ!

1 - 7 сынып оқушылары арасында республикалық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауының облыстық кезеңі аяқталды.

Оқушылардың интеллектуалдық шығармашылықтарын ерте жастан



дамыту, ғылымдағы зерттеу қызметіне оларды қызықтыру, интеллектуалдық және ғылыми-техникалық шығармашылық салалардағы алғыр және дарынды

оқушыларды анықтау, оларға қолдау көрсету конкурстың негізгі міндеттері болып табылады. Төмендегі мектептердің оқушылары аталған байқауға қатысып, аудан намысын қорғап қайтты. Олар: Софья Шацкая (Жезкент кентінің мектеп-лицейі, 3 сынып оқушысы, жетекшісі З.Руденко), Алина Королева, Светлана Шейкина (Камышенка орта мектебі, 5 сынып оқушылары, жетекшілері О.Юлдашева), Дарья Малахова (Камышенка орта мектебі, 4 сынып оқушысы, жетекшісі Н.Валеева), Дарын Жұмаділов (Камышенка орта мектебі, 4 сынып оқушысы, жетекшісі Н.Валеева), Айза



Бакыт (Жезкент кентінің мектеп-лицейі, 4 сынып оқушысы, жетекшісі М.Кәукенова), Надежда Лошкарева (Абай атындағы негізгі орта мектеп, 5 сынып оқушысы, жетекшісі М.Деметтьева).

Конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, біздің аудан оқушылары келесі орындарды иеленді. Бірінші орынды Дарын Жұмаділов иеленді, ал Софья Шацкая үшінші орынды қанжығалады.

Білім бөлімі «Зерде» конкурсының жеңімпаздарын, мұғалімдер мен ата-аналарды балаларының осындай жарқын жеңісімен шын жүректен құттықтайды! Барлықтарыңызға денсаулық, бақыт, шығармашылық табыстар тілейміз!

Аудандық әдістемелік кабинет

4-БЕТ

5-БЕТ

8-БЕТ

ӘДІЛЕТ ХАБАРШЫСЫ
(СОТ ЗАЛЫНАН)

ПОЭЗИЯНЫҢ КҮҢГЕЙІ
МЕН ТЕРІСКЕЙІ

(Мерей Қартөв шығармашылығы жағында)

ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

«БҰЛБҰЛ ӘНШІ» ЕЛ ЕСІНДЕ

Біз өздерінің өнерімен танылып, еңбегімен еленген, қазақ өнерінің өркендеп өсуіне өлшеусіз үлес қосқан, аттары аңызға айналған көптеген тұлғалармен мақтана аламыз. Олар мәдениеттің, рухани қазынаның қайнар бұлағына айналып, маңайына осы құндылықтардың сәулесін шашқан тұлғалар болып халық жадында сақталып қала бермек. Сондай адамдардың бірі Айман Сәдуақасқызы Молдиярова еді. Ол 1954 жылы 22 сәуірде ШҚО, Аягөз ауданы, Жұзағаш ауылында дүниеге келген. Шұбартау ауданының орталығы Баршатас ауылындағы С.Киров атындағы орта мектепті бітірген. Семейдің



Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық училищесін және Алматы қыздар педагогикалық институтын тамамдап, арнайы орта және жоғарғы білім алған. Өзінің еңбек жолын 1970 жылы Шұбартау аудандық Мәдениет үйінің автоклуб меңгерушілігінен бастаған.

Алғаш рет үлкен сахнаға 13 жасында қазақтың ұлы ақыны Абайдың 125 жылдық мерейтойында шығып, Латиф Хамидидің «Қазақ вальсін» орындаған. Халық алдына тұңғыш шыққан жас әншінің даусына сүйсінген халқымыздың біртуар азаматы, Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлы өзінің ақ батасын береді.

Шұбартау ауданында тұңғыш рет ән-би ансамблі құрылып, ол өмірге жолдама алған кезде Айман Сәдуақасқызы Латиф Хамидидің «Бұлбұл» әнімен өнер ұжымының шымылдығын ашқан еді. Әншінің нағыз бұлбұл үніне риза болған сол кездегі ауданның 1 хатшысы Ш.Мақашев ансамбльдің атын «Бұлбұл» деп қоюға ұсыныс жасап, ол ұсыныс қабылданып, ансамбль өз атауын тапқан болатын.

Бұдан кейін «Шұбартау сазы» халық ұлт аспаптар оркестрінің көрнекті жұлдыздарының бірі Жүсіпбек Елебековтан тәлім алған Санақ Әбеуов, оркестр дирижері Ахметжан Алпысбаевтармен ұзақ жылдар қызметтес болып, «Қыз Жібек» спектакілінде – Жібек, «Соңғы түн» спектакілінде – Гауһар, «Алданған ару» спектакілінде – Жаннаның бейнелерін сахнада шынайылықпен сомдады. Өзі ойнаған спектакілдердегі басты рөлдері үшін республикалық байқауларда ҚазКСР дипломдарымен марапатталған.

Алматыдағы жер жүзіне қазақ тілінде хабар тарататын халықаралық «Шалқар» радиосының «Дала» бағдарламасының «Алтын қорына» 1977 жылы бес әні жазылды. Олар: Үкілі Ыбырайдың – «Гәккүй», Нұрғиса Тлендиевтің – «Кел еркем Алатауыңа», Дүнгенбай Ботбаевтің – «Көктем кеші», Сыдық Мұхамеджановтың – «Көктем вальсі», Қапан Мусиннің – «Сайра бұлбұлы».

Айман Сәдуақасқызы бұрынғы Кеңес Одағының өнер фестивалдарының 3 дүркін лауреаты. Өнеріне елі сүйсініп, басшылық тарапынан мойындалып бірнеше рет республикалық, облыстық дипломдармен марапатталған.

1993 жылы Шұбартау ауданынан Бородулиха өңіріне қоныс аударып, өзінің жемісті еңбек жолын одан әрі жалғастырды.

Мемлекет алдындағы еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі және белсенді қызметі үшін 2004 жылы 7 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен марапатталды.

2012 жылы Айман Сәдуақасқызы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ» белгісімен марапатталды. Бородулиха ауданының тарихи альбомына фотосуреті енгізілген. Портреті Бородулиха ауылының «Еңбек Даңқы» аллеясына да қойылды. Сонымен қатар, Айман Сәдуақасқызының есімі ШҚО-дағы аттары елге мәшһүр адамдардың «Алтын» кітабына жазылған.

Асқақ әнші сондай-ақ асыл жар, аяулы ана болып, екі бала тәрбиелеп өсірді. Екеуі де жоғары білімді мамандар. Ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырды. Қос құлынынан бес немере сүйді.

Еліне елеулі, халқына қалаулы, елдің ерке қызы болды. Жұрты құрметтеп, төбесіне көтерді. Өйткені, ол жастайынан дене тәлімімен бірге, рухын, ақылын, сезімін, жігерін, мінезін де тәрбиелеп өскен жан. Өтірік айтып, жалған сөйлеуден бойын аулақ салатын. Біреудің ала жібін аттамаған жаны таза, құдайы – аузында, құраны – қолында болған періштедей жан еді. Зор да, асқақ үні жадымызда жаңғырып, жүректерімізді әнімен тербесін. Жаны жәннәтта болсын!

Ж.МОЛДИЯРОВА, Бородулиха ауданы

Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер

Құрмет тағынан түспеңіз

2014 жылдың 11 қарашасында Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Ефимович Салманов 90 жасқа толды. Ол Отан үшін кеудесін окқа төсеп, осы бейбіт күнді бүгінгі ұрпақтарға алып бергендердің бірі! Бұндай адамдар елімізде сиреп барады!

Осындай айтулы күні Иван Ефимовичті Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Д.Бергенев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Байжанов, Таврия ауылдық округінің әкімі Г.Лазарев, Қоғамдық кеңестің төрайымы Л.Тинина, Ардагерлер кеңесінің төрайымы Р.Майжанова, Буркотово ауылының №3 мектебінің директоры А.Қайырбаева және мектеп оқушылары, «Буркотовское» ЖШС директоры И.Филатов пен оның қызметкерлері құттықтауға барды. Д.Бергенев және О.Байжанов аудан әкімі Г.Акуловтың және аудандық маслихат хатшысы У.Майжановтың аттарынан

Иван Ефимовичке алғыс хат табыстады.

Ардагерді алыс жақта тұратын балалары да ілтипатсыз қалдырмады. Осындай ардагерлерді ешқашанда шет қалдырмау керек. Біздің елдің экономикасы мен мәдениеті осы адамдардың арқасында өркендеп, дамып келеді. Сіздер жасаған ерліктің нәтижесіне еліміз гүлденіп, жайнай түсті. Елімізде береке, бірлік, тыныштық орнады. Осы кісінің еңбегі арқасында Красный Казахстан, Буркотово ауылдары көркейіп жайнай түсті. Иван Ефимовичтің Красный Казахстан кеңшарының директоры болып тұрған кезінде көптеген ғимарат салынды. Олардың кейбіреуі осы күнге дейін қызмет етіп келеді.

Рахмет Сізге, құрметті Иван Ефимович!!! Сізді шын жүректен 90 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Бұл өте



маңызды мереке, себебі осындай жасқа әрбір адам жете алмайды. Сізге мол денсаулық, қажымас қайрат тілейміз! Бала-шағаңыздың қызығын көріп, жақын адамдарыңыздың ортасында аман-сау ғұмыр кешіңіз.

А.БЕКБУЛАТОВА, Таврия а/о

ШЕКАРА БҰЗУШЫЛАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Мемлекеттік шекара аумағында орналасқан «Токта, өтуге тиым салынады! Мемлекеттік шекара!» деген ескертпе жазуға қарамастан мемлекеттік шекара режимін бұзу фактілері әлі күнге дейін тіркелуде.

Өскемен шекара жасағына қарасты «Ақсақал» шекара заставасының шекара наряды мемлекеттік шекара режимін бұзушыларды тағы да құрықтады. Мемлекеттік шекара бұзу фактісі 2014 жылдың 4 қазанында Мещанка және Байтанат елді мекендері арасындағы 33 шекара аумағында орын алды.

Мемлекеттік шекара режимін бұзған Қазақстан Республикасының екі азаматы және Ресей Федерациясының бір азаматы мемлекеттік шекара бойында орналасқан ескерту белгілеріне қарамастан Мещанка елді мекенінен Байтанат елді мекеніне азық-түлік өнімдерін алу мақсатында жолды қысқартпақ болып шекара



жанында орналасқан жолмен жүріп мемлекеттік шекара сызығынан 8 метр арақашықтықта шекара нарядының көзіне түсіп, ойлаған ойлары іске аспады. Мемлекеттік шекара бұзушылардың өздерімен бірге жеке тұлғаны растайтын құжаттары болған жоқ.

Осылайша, «Ақсақал» шекара заставасының бақылаушылары өзерінің қырағылықтарын, жұмысқа деген ынта-жігерлерін дәлеледі. Шекарашылар осы істері арқылы шекара бұзушыларға бақылаушылардың құрығына қалайда ілінетінін тағы бір ескертіп өткендей болды.

Ә. СҰЛТАНОВ, Т. ҚАЛИБАЕВ

БИЗНЕС-КЕҢЕСТІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Жалпы Қазақстанда, оның ішінде ШҚО орта және шағын бизнесті дамыту жақсы жолға қойылғанын облысымыздың солтүстік өңірлерінен тарихи отандарына қоныс аударған кәсіпкерлер ашық мойындайды. Қазақстан тұру Ресейдегіден артық болмаса, кем емес дегенді айтады. Жақында Шұңқырашы ауылында өз дүкенін ашқан жеке кәсіпкер Наталья Александровна Валуискаяның айтуы бойынша, Қазақстанда төрешілік аз және де жеңілдік көп. «Мен, міне, 13% несие алдым, ал, оның 7% мемлекет өтейді, нәтижесінде мен оны 4–5% алып отырмын. Жер телімін алу үшін ешкімнің қолына пара ұстатпаймын, ал, Ресейде, қылт еткеніне ақы сұрайды. ҚҚС біздерде олардағыдай 18% емес, 12%», - дегенді алға тартады. Осы бағытта істеліп жатқан игілікті істердің бірі – Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының кеңесшілері өз кәсіби деңгейлерін көтеруде бағытынадағы тұрақты бизнес-тренингтерді өткізіп тұру. Даму қорының ШҚО аймақтық филиалдарында өткізген «Бизнес-кеңес берудің кәсіби дағдылары» бизнес-тренингіне Бородулиха аудандық Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының кеңесшілері Мөлдір Хинаятова және Мадина Иманалиева қатысып қайтты.

Мөлдір Хинаятова бізге ең керегі консалтингте клиенттермен жұмыс істеу технологиясын игеріп, жергілікті өз бизнесін жүргізуге құлық танытқан кәсіпкерлерге бизнес-кеңес берудің жолдарын үйрете білді. Енді осы алған тәжірибемізді нақт ыөмірде қолдана алатын боламыз, - деді. Тренинг соңында барша қатысушы аудандық кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының кеңесшілеріне «Кеңес берушінің коммуникациялық дағдылары мен құзыреттері» модульді курсы бойынша оқу өткендігі туралы сертификаттар табыс етілді. Осындай жиі өтіп тұруы аймағымыздағы шағын және орта бизнестің өркендей дамуына негіз болады деп нық сеніммен айта аламыз.

С.ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ


БИЛІК МІНБЕРІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫ



«НҰРЛЫ ЖОЛ»

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ



1 Үкімет бір апта мерзімде Ұлттық қордан қаржы бөлу үшін тиісті шешім дайындауы тиіс және 2015 ж. республикалық бюджет жобасында қажетті қаржылар ескерілуі керек

2 Үкімет шара қабылдап, қаржының тиімді және оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз етуі керек

3 Мемлекет басшысы құрған комиссия қаржының тиімді жұмсалыуын қатаң бақылайтын болады

4 «Нұр Отан» белсенді қосылып, барлық деңгейлерде қатаң партиялық бақылау орнатуы тиіс

«Ұлттық валюта» күні аталып өтті

15 қараша «Ұлттық валюта» күні болып саналады. Теңге Қазақстан Республикасының экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болып табылады.

Бұл күн - еліміз үшін айтулы мерекелердің бірі. Осынша белестен, сын жолынан мүдірмей өтіп, теңгеміздің тұғыры темірдей тегеуірінімен анықталды. Ұлттық валютамыз қаржы әлемінен лайықты орнын тапты. Кез келген ұлттың валютасы елдің өткенін, бүгінгісін және болашағын бейнелейді. Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тарихы Елбасымыздың 1993 жылғы 15 қарашадағы Жарлығынан басталды.

Қазақстанның ұлттық валютасы - теңгеміздің тарихына көз жіберетін болсақ, еліміздің тәуелсіздік табалдырығын аттаған кезеңдегі қиындықтар, төл ақшамыздың айналысқа енуі, оған өзіміз тікелей куә болған оқиғалар еске түседі. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы 1993 жылғы 15 қарашасында айналымға



енгізілді. Аудандық кітапханада 15 қарашада «Ұлттық валюта» күніне арналған ақпараттық сағат өтті. Балаларға арнайы ұлттық валюта жайлы фильм көрсетілді. Іс-шара соңында балаларға викториналық сұрақтар қойылды.

Ә.ӘБЕНАЕВА, аудандық кітапхана кітапханашысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ШҚО Бородулиха ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне еңбек келісім шарты негізінде мемлекеттік іс-қағаздар редакторы қажет.

Лауазымдық жалақысы қызметшінің жұмыс өтілі мен біліміне байланысты 29730 теңгеден 35748 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: орыс тілінен мемлекеттік

тілге, мемлекеттік тілден орыс тіліне аудару, Lotus Notes (электронды құжат айналымы) бағдарламасы бойынша компьютермен жұмыс істеу қабілетінің болуы. Біліктілік талаптары: Орта мамандандырылған білім.

Анықтама телефондары: 2-14-50, 2-18-96.

Аудандық қаржы бөлімі

Жолдау Жолдарынан

ПРЕЗИДЕНТТІҢ КӨРЕГЕНДІГІ

Біз әлемдегі қазіргі кездегі болып жатқан күрделі жағдайларға қарай отырып, Президентіміз өз Жолдауында айтқан: «Осы күрделі жолдан лайықты өту барлық елдің қолынан келе бермейді», - деген сөзін жақсы түсінеміз.

Бүкіл әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы баршамыздың бойымызда ертеңгі күнге деген сенімділік ұялатады.

Біз 2015 жылдан бастап 2017 жылдар аралығында Ұлттық қордан жыл сайын қосымша 3 миллиард доллар бөлініп отырады деген Президенттің сөзін ерекше қабылдадық. Ұлттық қордың инвестициялары экономика саласында реформалар өткізуге, халық табысының төмендеуіне жол бермеуге және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Ф.ҚАЙПЕКОВА, Петропавловка а/о әкімдігінің бас маманы

ЖОЛДАУДЫҢ ТҮЙІНІ – АЛЫСТЫ ЖАҚЫН ЕТУ

Елбасымыздың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауын асқан қызығушылықпен оқып, ықылас сезіммен қабылдадым. Жолдауда Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру тұжырымдамасы тізіліп, алдағы даму жұмыстарының 7 ұзақ мерзімді, негізгі бағыттары белгіленіп отыр.

Бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні - алысты жақын ету. Яғни, ел экономикасы мен қоғамымыздың тамырына қан жүгіртетін сапалы жол - көлік жүйесін дамыту. Тозығы жеткен жамау-жамау жолдар жөнделіп, заман талабына сәйкестендірілуі еңбекші халықты қуантатын жай.

Елбасы ел-жұрттың көкейінде жүрген ойды дөп басып қана қоймай, жаңа бастаманың төңірегінде бүкіл қазақстандықтарды жұмылдыра түсті. Қазақстан халықтарын бір жұдырықтай жұмылдырып, біріктіретін идея - Мәңгілік Ел идеясы.

Көпұлтты, тату Бородулиха ауданы жұртшылығына айтарым, өзге елдердің қателіктерін қайталамай, еліміздегі тұрақтылықты сақтап, бір-бірімізге деген шынайы құрмет пен сенімімізді, рухани мәдениетімізді нығайтуға саятын қоғамдық қатынастар мен адами өлшемдерімізді биік деңгейден түсірмейік.

Осылайша бәріміз Мәңгілік Елді басты идея етіп, оның даму жолында қажырлы еңбек етуге бірлесіп күш салайық.

Г.МАНБҰСЫНОВА, Краснояр орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ЖОЛДАУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕМІЗ

Петропавловка ауылдық округінің тұрғындары мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын үлкен ынтамен қабылдады.

Өз жолдауында Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлемдегі экономикалық дағдарыс кезінде Қазақстан экономикасын қалыпты деңгейде ұстап қалудың негізгі бағыттарын айқындап берді. Жол құрылысы, шағын және орта бизнесті жеңіл несиелермен қолдау, тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту және нығайту. Елбасы міндеттеген осы жоспарлар жүзеге асатын болса, Шығыс өңір тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқаты да ерекше жақсарары деп сенеміз. «Астана-Өскемен» және «Алматы-Өскемен» автожолдары салынса, «Екібастұз-Өскемен» және «Семей-Алматы» жоғары кернеулік электр жүйелерінің желісі біздің аймақтан өтсе, көптеген жерлеріміз жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Нұрсұлтан Әбішұлы өз Жолдауын «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» деп атады. Бұл жолмен мемлекетіміз келешек жарқын күндерге аяқ басатыны сөзсіз. Осы жол біздің өсіп келе жатқан ұрпағымыздың игілігіне айналарын аян.

Қ.ҚАБАТОВ, Петропавловка а/о әкімі аппаратының бас маманы

ЕЛБАСЫҒА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

Нұсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауын оқып, біз, Краснояр ауылының тұрғындары және ауылдық округтің қоғамдастығы, Елбасының саясатын толық қолдайтынымызды білдіреміз.

Президентіміз халықты ынтымаққа, бірлікке, барлық қазақстандықтар арасында сенімділік орнатуға шақырды.

Этнос аралық келісімді, бірлікті сақтау керек. Себебі бұл - біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Жастарымыздың жаңа, тәуелсіз елде өсіп жатқаны бәрімізді қуантады. Мемлекет жаңа ұрпақ үшін оларды жарқын келешекке апарар жолдар мен есіктерді ашты!

«Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» - бұл біздің жастарымызға берілген үлкен мүмкіндік. Жаңа Жолдау біздің экономикалық құрылымымызды реформалауды жалғастыруға бағытталған. Басталған жобаларды аяқтау және шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордағы қаржыны 5 бағытқа бағыттау тапсырылды. Ол банк секторларын сауықтыру, жаңа инвестиция тарту, ЭКСПО - 2017 кешенінің құрылысын жалғастыру, Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту, химиялық және тағам өнеркәсіптерінің жобаларын жүзеге асыру.

Біз өзіміздің отбасылық амандығымыз, қауіпсіздігіміз, келер ұрпаққа деген қолқорлығымыз үшін Елбасымызға шексіз алғысымызды білдіреміз.

Н.СКОРОБОГОВА, Краснояр а/о әйелдер Кеңесінің төрағасы

ӘДІЛЕТ ХАБАРШЫСЫ

Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған, құқықтық мәдениеті қалыптасқан қоғам.

Н.НАЗАРБАЕВ, ҚР ПРЕЗИДЕНТІ**Ата-ана құқығынан айыру туралы**

ҚР Неке және отбасы туралы кодексінің 79-бабы 1-бөлігі бойынша ата-ана құқығынан айыру заңды түрде тек сот тәртібімен жүзеге асырылады. Ата-ана құқығынан айыру дауы бойынша азаматтық істер қолданыстағы Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандырылған ауданаралық сотының соттылығына

жатады. Ата-ана құқығынан айыру тәртібі ҚР Неке және отбасы туралы кодексінің 79-бабының 12-тарауымен анықталады.

Ата-ана құқығынан айыру жағдайлары ҚР Неке және отбасы туралы кодексінің 75-бабында қарастырылады. Ата-ананың өз міндеттерін атқарудан және алимент төлеуден жалтаруы оны ата-ана құқығынан айыру негіздерінің бірі болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезіндегі заңды қолдануы туралы» №4 нормативтік қаулысы, ҚР 2008 жылғы 22 желтоқсандағы №12 ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулары жалтару ұғымын кеңінен ашады: «Ата-ананың өз міндеттерін орындаудан жалтаруы балаларды тәрбиелеу бойынша олардың адамгершілік және физикалық дамуы, оқыту бойынша қамқорлықтың болмауы, қоғамдық пайдалы еңбекке дайындау, алимент төлеуден қасақана жалтаруы арқылы көрінеді».

Қолданыстағы ҚР Конституциясы, ҚР «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы» заңы, ҚР Неке және отбасы туралы кодексінің мазмұнынан ата-ана тарапынан балаларға қамқорлық жасалуы, бірге тұруы, отбасында балаға тәрбие берілуі балалардың мүддесі мен құқығы болып табылады.

Нормативтік қаулының 11-тармағына сәйкес: ата-аналар ҚР Неке және отбасы туралы кодексінің 75-бабында қарастырылған негіз бойынша және олардың кінәсі анықталғанда ғана сот жүзінде ата-ана құқығынан айырылады, 14-тармағына сәйкес: ата-ана құқығынан айыру соңғы шара болып табылады.

ҚР 2010 жылғы 10 сәуірдегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңды кешенді құқықтық педагогикалық және құқық бұзушылықты ескерту, себептерін анықтау және жою оларды алдын алу шарттары бойынша шараларды қарастырады.

2010 жылғы 19 сәуірдегі ҚР «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» заңының 23-бабына сәйкес құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары адам не адамдардың шектеулі тобы тарапынан құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оны жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында олардың құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты ықпал ету үшін қолданылады.

Ата-ана міндеттерін орындаудан жалтаратын адамды тек кәмелетке толмаған балалардың құқығын қорғау мақсатында олардың қылықтары мен құқықтық санасына ықпал жасау бойынша барлық заңмен қарастырылған шараларды қабылдағаннан кейін ғана ата-ана құқығынан айыруға болады.

ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 65-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 66-бабына сәйкес сотқа дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Ата-аналық құқықтан айыру жөніндегі талабын қанағаттандырусыз қалыдра отырып, сот жоғарыдағы аталған мән-жайларды ескеріп, Кодекстің 79-бабына сәйкес, егер бұл бала мүддесі үшін қажет болса, баланы ата-анасынан алып, оны қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға беру жөніндегі мәселені де шешуге құқылы.

А.МАДИЕВА, Бородулиха аудандық сотының бас маманы**Медиация рәсіміне қатысудың басты бағыты – еріктілік**

Бабаларымыз әділдік іздеп келген адамға әділ шешімін айтып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып, ердің құнын, нардың пұлын екі-ақ ауыз сөзбен таразылаған би, шешендер елдің небір содыры мен тен-тетігін тоқтатып, шекіскенді бітістіріп, араздасқанды татуластырған.

Демек, кең –байтақ жерімізді ежелден мекендеген халқымыз әділдік пен аладдықты әрқашан ту етіп, әділ де сындарлы заңы бар өркениетті ел болуға ұмтылған.

Елімізде 2011 жылдың 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» заң сот жүйесіне жаңашыл өзгеріс енгізіп, дауды шешудің тағы бір тиімді жолын айқындады. Заң Қазақстан Республикасында медиаияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидағаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды. Бұл терминге анықтама беретін болсақ, медиаия сөзі латын тілінен аударғанда «mediate», яғни делдалдық ету, тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну болып табылады.

Медиаия – бұл икемді процесс, құпиялы және бейтарап тұлға (медиатор) принциптерге сәйкес және медиаия тәртібін нақты игере отырып, жанжалды немесе дауды шешуде, тексеруші шешімін қабылдағанда және реттеуде белсенді түрде екі жаққа көмектеседі. Соттағы іс жүргізу процесінен айырмашылығы, медиаия – еркін процесс. Рәсім сипаты жағынан жария емес процесс. Онда тараптар дауды қарайтын тұлғаны, яғни медиаторды өздері таңдайды. Медиатор – кәсіби және кәсіби емес негізде медиаия жүргізу үшін тараптар тартатын жеке тұлға. Екіншіден, сот талап шеңберінен шығуға құқысыз. Ал, медиаия рәсімінде тараптар талапкердің талабын қанағаттандыру тәсілі туралы келісімге келуге құқылы. Сонымен қатар, сотта шешім құқық пен заң нормалары негізінде қабылданса, ал медиаия рәсімінде шешім тараптардың өз мүдделерінің келісімге келуі негізінде қабылданады. Яғни, медиаия – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын және өзара қолайлы шешімге жетуі үшін медиатордың жәрдемдесуімен дауды реттеу рәсімі. Медиаия рәсіміне қауысудың басты бағыты – еріктілік. Яғни, екі тарап еш мәжбүрлеусіз өз еріктерімен бір бітімге келеді. Бұл жерде тараптардың тең құқылығы рәсімі басым. Медиатор тараптардан, мемлекеттік органдардан, өзге де заңды, лауазымды және жеке тұлғалардан тәуелсіз болуы керек. Дауды шешу барысында анықталған мәліметтер жария етілмейді.

Токсан рулы елдің дауларын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп, татуластырып отырған дана бабаларымыздың бірегей дара тұлғалары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы дау-дамайды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың бірлігін, жеріміздің тұтастығын сақтап отырған.

Бородулиха аудандық сотының баспасөз қызметі**Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіндегі тың өзгерістер**

Ағымдағы жылдың 4 шілдесінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Жаңа Қылмыстық кодексіне қол қойды.

Бүгінгі қолданыстағы Қылмыстық кодекс 1997 жылы қабылданып, оған осы уақытқа дейін бірнеше мәрте өзгерістер енгізілді. Сондықтан қылмыстық заңнаманы жетілдіру заман талабынан туындап отыр.

Жаңа редакциядағы Кодекстің тағы бір қажеттілігі ол ел Конституциясының жаңа нормаларымен, сонымен қатар, осы уақытқа дейін ратификацияланған халықаралық келісімдермен сәйкестендіруге байланысты.

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру Елбасының Жарлығымен бекітілген 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген.



Жаңа Қылмыстық кодекс екі бөлімнен, 467 баптан тұрады, жалпы бөлімі 98 баптан құралса, ерекше бөліміне 369 бап енгізілген.

Қабылданған жаңа Кодекстің басты жаңалықтарының бірі – «қылмыстық құқық бұзушылық» институтының енгізілуі.

Заңға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың екі түрі: қылмыс пен қылмыстық теріс қылық қарастырылады.

Бұл жөнінде Кодекстің 10-бабының 2 және 3-бөліктерінде келесідей

анықтама берілген:

Қылмыс деп осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет танылады.

Ал, қылмыстық теріс қылық – қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) танылады делінген.

Қылмыстық теріс қылықтар жасағаны үшін жеңілрек жаза түрлері көзделген, ең бірінші, қоғамдық жұмыстарға тарту және қамаққа алу.

Жаңа Қылмыстық кодексте барлығы 156 қылмыстық теріс қылық енгізілген, оның ішіне қазіргі 47 әкімшілік құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылықтар қатарына жатқызылған. Бұл қылмыстық теріс қылықтар қатарына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың көбісі жеке тұлғаға, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, қоғамдық тәртіпке қол сұғатын және отбасы - тұрмыстық саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер және т.б. жатады.

Сонымен қатар, аталған санатқа қолданыстағы онша ауыр емес 100 қылмыс енгізілген. Осы жерде айта кететін бір жайт, аталған 100 онша ауыр емес қылмыстың 20-сы үшін қолданыстағы қылмыстық заң бойынша «бас бостандығынан айыру» жазасы тағайындалатын қылмыстар болып табылады, ал жаңа Кодекске сәйкес, ондай қылмысты жасаған тұлғаның соттылығы да болмайды.

Жаңа заңға сәйкес, қылмыстық теріс қылықтар үшін қамауға алудың ең жоғарғы мерзімі 6 ай болып көзделген.

Жаңа Кодексте, қылмыстың қайталану институтына айтарлықтай өзгерістер енгізілген. Енді жаңа заңға сәйкес, тек ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстың қайталануы есептелінетін болады, ал жеңіл және ауырлығы орташа қылмыстар үшін қылмыстың қайталануы есептелінбейді.

Және жаңа кодекске сәйкес, қылмыстың қайталануының тек екі түрі, яғни, қылмыстардың қайталануы және қауіпті қайталануы қолданылатын болады. Енді соттылықтың ескіру барысында тек ауыр және аса ауыр қылмыстар назарға алынатын болады.

Сонымен қатар, сотардың қылмыстардың қайталануы жағдайында жаза тағайындау ережесі өзгертілді. Қазіргі кодекске сәйкес, соттар бұрын сотталғандарға жасаған қылмысы үшін көзделген ең қатан жаза түрінің ең жоғарғы мерзімі мен мөлшерінің үштен бірінен жоғары мерзімді тағайындауға міндетті еді. Ал, жаңа кодекс бойынша мұндай ережелер алынып тасталған. Атап өтетін тағы бір жайт татуласу институтына енгізілген өзгертулерге байланысты, яғни, жаңа заң бойынша енді (68-баптың 2-бөлігі) қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, ағз берушімен татуласса, оның ішінде медиаия тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ерекше бөлімдегі жаңа өзгерістердің бірі – медициналық қылмыстар бөлек тарауға (317-323-баптар) жатқызылған.

Бұл ана мен балаларға қарсы жасалған қылмыстар үшін жауаптылықты күшейту бойынша ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы Жолдауында қойған талаптарын орындауға бағытталған шаралардың бірегейі.

Көліктегі қылмыстар үшін жауапкершілік күшейтілген, әсіресе, алкогольден масандық жағдайында жол көлік оқиғасын жасағаны үшін көлік құралын жүргізу құқығынан айырудың мерзімі 10 жылға дейін ұзартылған.

Және де есірткіден және (немесе) уытқұмарлықтан масаң күйдегі адамның көлік құралын басқару үшін, егер бұл абайсызда адам өліміне әкеп соқса, 5 жылдан 7 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасы көзделген, яғни аталған қылмыс қасақана ауыр санаттағы қылмысқа жатқызылған, бұл дегеніміз, мұндай қылмыстар бойынша татуласу мүмкін еместігін көрсетеді.

Осы баяндалғандарды қорыта келе, Жаңа қылмыстық кодекске – қылмыстық құқық бұзушылық институты енгізілгенін, бас бостандығынан айырудың орнына басқа баламалы жазалар қолданылғанын, қылмыстың қайталану институты қайта құрылғанын және т.б. байқауға болады.

Бородулиха аудандық сотының баспасөз қызметі



ӘДІЛЕТ ЖАБАРШЫСЫ

«Биде әділдік болмаса, еліңді дерт шалады»

Жалған хабар беру - қылмыс

Терроризм - бұл сөзді естігенде жаның селт етеді. Осы қоғамдық қауіпсіздікті бұзып, халықты үрейлендіріп, жан түршіктіретін оқиғалардың өз елімізде де көрініс тауып жатқаны көңілге қаяу түсіреді.

Қазіргі таңда терроризмнің алдын алып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Орын алған немесе дайындалып жатқан терроризм актісі жөнінде белгілі болған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабар беру әрбіріміздің азаматтық міндетіміз болса, ал ол жөнінде жалған хабар беру - қылмыс, заңмен жазаланады.

Кейінгі кезде жер-жерлерде терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлама беруші азаматтардың көбейіп, осындай хабарламаларға, жедел жәрдем, жедел қызмет көрсету және құқық қорғау органдарының күштері мен құралдары жұмылдырылып, өндірістік кәсіпорындар, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да ұйымдардың жұмыс жасауы уақытша тоқтатылып, ұшақтар мен пойыздардың жүру кестелері бұзылып, нәтижесінде мемлекет және өзге де ұйымдардың қоржынына айтарлықтай шығындар келіп жатады.

Оған қоса, қоғамның шыркы бұзылып, халықтың арасында үрей туғызар дүрбелең жағдайы тағы бар.

Берілер жазаның жұмсақтығы болса керек, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлама беруді кейбір азаматтар бір қызықты әзілге айналдырып, оның ар жағындағы осындай әрекеттері үшін заңмен кезделген жауапкершіліктеріне көңіл бөле бермейді.

Оқиға болған жерге құқық қорғау және тиісті органдарының мамандары дереу жетіп, арнайы құралдармен ғимаратты толығымен тексеріп, абырой болғанда ешқандай жарылғыш зат анықтамайды.

Оқиғаны тексеру барысында, хабарламаны

Ел тұтастығы мен бірлігінің негізі

Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, аумағы ұшқан құстың қанатымен, жер танабын қуырған тұлпар тұяғының дүбірімен өлшенген кең де келісті өлкені мекендеген «қазақ» деген елміз. Басымызға қонған бағымыз бен сорымыз кездесіп, досымызға ақ пейіл дарқан көңілімізді, жауымызға найзамызды, дауымызға камшымызды кезек сілтегенде де ертеңімізден үмітімізді үзбедік. Тағдырымыз таразыға түскен шақтарда «күмбір-күмбір кісінетіп, күреңді мініп», «қоныраулы найза қолға алып, қоныр салқын төске алып», жауына атой салған батыр бабаларымыздың ерлігіне сүйендік. Құт дарып, қыдыр қонған қасиетті жеріміздің, қабырғалы жұртымыздың шаңырағын шайқалтпауға жанын салған теңдік пен татылықты ту етіп ұстатқан «бастаса елдің көсемі, сөйлесе сөздің шешені» болған қазына кеуде қарттарымыздың, қылыштың қыры, найзаның ұшына қасқая қарсы тұрған азамат ағаларымыздың арқасында еліміздің іргесі сөгілмей бұл күнге жеттік.

Әрине, бұған біз Тәуелсіздіктің, Ата Заңымыздың арқасында қол жеткіздік деп айта аламыз. Бұл ереуіл - Тәуелсіз мемлекет деп аталатын алып ғимараттың алтыннан соғылған қос дінгегі іспетті. Бұлай болатын себебі түсінікті де. Адамзат қоғамы тарихында өзіндік орны бар қай мемлекеттің болсын дербес мемлекеттілігінің ең басты айғағы ретіндегі төл құжаты - Негізгі Заңы.

Қазақстан Республикасы Конституциясы - кең байтақ еліміздің, езгіден енесі басылып, еркіндікті аңсаған халқымыздың қайырылған қанатын жазған, болашағын кілегейлеген күңгірт пердені серпіп тастап, алдын жарқыратып, арманын ұзартқан шын мәніндегі Алтын Заң. Сондықтан да бұл Заңды қастерлей қолға алып, оның әрбір тарауына, бабына көңіл қоя үңіліп, үлкен-кішіміздің, әрқайсымыздың күнделікті тіршілігіміздегі, адамдармен қарым-қатынасымыздағы қоғамдағы орнымызды айқындаудағы, туған Отанымыз - Қазақстанның өркендеуіне қосатын, өзіміздің де өсіп-көркейетін жолымызды табудағы өмірлік басты Ережеге айналуына атсалысу-баршаға ортақ парыз, азаматтық міндет.

Конституция тарауларына үнілсек: 2-ші тарау, 4-ші бабында: «Қазақстан Республикасында әрбір адамның азаматтық алуға және оны өзгертуге құқы бар». Шын мәнінде Қазақстан Республикасында тұрып жатқан әрбір азамат өз құқықтары негізінде неге де болса қол жеткізіп жатыр.

Оған дәлел өзге елдерде тұрып жатқан қандастарымыз өз Отанына оралу арқылы Қазақстан азаматы деген азаматтық алуға және тегі орысша жазылып кеткен азаматтар өз тілінде қайтадан жөңдеп, қазақша атаумен өз ата-тектерін алуға.

берген адам анықталады. Ол өзінің орынсыз қалжыңын ешбір себеппен түсіндіре алмаса, тағайындалған сот-психиатриялық сараптамадан қорытындысымен оның ақыл-есі дұрыс екендігі анықталса, өзінің жасаған әрекетіне заң алдында толығымен жауап бере алатындығы бекітіледі.

Нәтижесінде қылмыстық іс қозғалып, кінәлі деп танылса, белгіленген мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына кесіледі.

Нәтижесінде, жалған дабыл өртке қарсы қызмет департаменті, жедел жәрдем беру орталығы, облыстық ішкі істер департаментінің қызметкерлері оқиға орнына жұмылдырылып, олардың жұмыс атқаруларынан мемлекетке едәуір шығын келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, яғни дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарламаны үшін айыппұл салуға, не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады - деп белгіленген.

Бұл орайда, бұрынғы заң талабына қарағанда дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау қылмысы ауыр қылмыстардың санатына қосылып, тиісінше ол үшін жазаның да неғұрлым қатаң түріне көшкендігін көруге болады.

Сонымен бірге, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлама бойынша құқық қорғау мен уәкілетті органдардың оқиға болған орынға барумен кеткен барлық шығыны заңсыз іс-әрекетімен кінәлі болып танылған тұлғадан өндіріледі. Сондықтан, әрбір азаматтың жат қылықтан аулақ болып, орынсыз қалжыңға бой алдырмай, ол үшін қатаң жауапкершілігін сезінгені абзал.

А.НАИНОВА, Бородулиха аудандық сотының жетекшісі маманы



дамытылатынын заңдастырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының әрбір тарауының, бөлімінің жеке баптарының әр жолына мұқият зер сала оқу, көңілге түю, күнделікті өмірде басшылыққа алу - саналы өмір талабы.

Ардақ тұтқан Ата Заңымыз қабылданған күнді айырықша көңіл-күймен мерекелеу барысында тәуелсіздік туын тіккен, азаттық рухын асқақтатқан мемлекетіміздің басшысы - Елбасының ерен еңбегін ерекше атап еткен ләзім. Президент Н.Назарбаевтың сіңірген еңбегі еліміздің басты құқықтық құжатының басымдықтарын айқындауында ғана емес, қиын-қыстау кезеңде қаймықпай, саяси қайсарлық пен көрегенділік танытуында жатыр. Мемлекет басшысының данағөй саясатының арқасында ғана біздің қоғам даурықпа, «митингілік демократияның» батпағына малтығып қалмай, шынайы демократиялық құндылықтар өресіне шырақп шықты.

Біз Елбасының Қазақстанды әлемнің дамыған 50 елінің қатарына қосу міндетін алға

«ҚР СО БААТЖ» дегеніміз не және ол сот жүйесіне қандай мүмкіндіктер береді?

Қазақстан Республикасы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі» (бұдан әрі - «ҚР СО БААТЖ») аумақтық бөлінген автоматтандырылған-ақпараттық жүйе болып табылады. Ол соттардың бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруға арналады, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің ақпаратпен еркін алмасу қажеттілігі мен ақпаратты таратудағы қажетті шектеулер арасындағы талап етілетін теңгерімді қолдау қағидаттарындағы сот ісін жүргізуге ақпараттық және технологиялық қолдауды қамтамасыз етеді. Нысаналы бағдарламаның тұжырымдамасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру, сот билігі дербестігі мен судьялар тәуелсіздігінің конституциялық қағидаттарын іске асыру, Қазақстан сот жүйесінің біртұтастығын қамтамасыз ету, соттар қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың сот-құқықтық ақпаратқа құқықтарын іске асыру сияқты міндеттер қойылған. «ҚР СО БААТЖ» бағдарламасын жасаған кезде бағдарламалық-ақпараттық кешеннің басқа да мемлекеттік органдармен, сот органдарының лауазымды тұлғаларының қызметін автоматтандырудың, соттардағы қолданыстағы мүліктік кешеннің сабақтастығы сақталып, оның күнделікті қызметте жұмыс істеуінің үздіксіздігі қамтамасыз етілді. «ҚР СО БААТЖ» ендіру және оны одан әрі дамыту процесінде:

- түрлі деңгейдегі сот органдарының ақпараттық өзара байланыс жасауын, сондай-ақ автоматтандыру объектілерінде орнатылған түрлі бағдарламалық бұйымдарды қамтамасыз етудің;
- автоматтандыру объектілерін деректер берудің жоғары жылдамдықты арналарына қосудың;
- сот органдарын автоматтандырудың және деректер берудің қазіргі құралдарымен жабықтаудың негізінде Қазақстанның сот жүйесінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін жасауға баса назар аударылады.

